

**Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің «Жәлел Қизатов атындағы жоғары ауылшаруашылығы колледжі»
КМҚК сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау қорытындылары бойынша айқындалған, сыбайлас
жемқорлық тәуекелдеріне ұшыраған лауазымдар тізбесі**

p/c №	Сыбайлас жемқорлық тәуекеліне ұшыраған лауазым	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері бар лауазымдық өкілеттіктер	Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері
1	Басшы	Еңбек жағдайларын жасау, қызмет бабында жоғарылату	«Ыңғайлы» немесе «ыңғайсыз» жағдайлар жасау, қызметке лайықты игіліктерді (материалдық көтермелеулерді, демалыстарды, басқаларды) іріктеп беру, тәртіптік жазаларды негізсіз қолдану мүмкіндігі, меритократия қағидатын сақтамау
2	Бас бухгалтер	Колледждің қаржы-шаруашылық қызметінің жоспарын жасау, бюджет қаражатын мақсатты пайдалану	Ынталандырушы төлемдерді, сыйлықақыларды және материалдық көмекті негізсіз есептеу тәуекелі, сондай-ақ қаржылық операциялардың негізділігіне жеткіліксіз бақылау жасау тәуекелі
3	Кадрлар бөлімінің меңгерушісі	Ізденушілерді бағалау және жұмысқа қабылдау. Ынталандырушы төлемдер мен кадрлық шешімдерге қатысты құжаттарды дайындауға қатысу	Белгілі бір үміткерлерге артықшылық беру мүмкіндігі. Қызметкерлерді сыйлықақымен көтермелеуге және кадрлық шешімдер қабылдауға байланысты құжаттарды дайындау кезінде мүдделер қақтығысының туындау тәуекелі
4	Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары	Сағаттарды тарифтеу және педагогикалық жүктемемен жұмыс, оқу жұмыс жоспарына сәйкес сағаттарды бөлу	Оқу нәтижелерін бағалау, білім алушыларды емтихандарға және қайта тапсыруларға жіберу кезінде субъективті шешімдер қабылдау, сондай-ақ жекелеген білім алушыларға негізсіз артықшылықтар беру тәуекелі

5	Директордың кәсіптік оқыту жөніндегі орынбасары	Курстық дайындықты ұйымдастыру және өткізу	Қысқа мерзімді курстар тыңдаушыларының сабаққа қатысуын жалған есепке алу, қорытынды аттестаттауды формальды түрде өткізу және оқудан нақты өтпеген тұлғаларға сертификаттарды негізсіз беру тәуекелі, бұл ішкі бақылаудың жеткіліксіздігі мен оқудан нақты өткенін растайтын қосымша тетіктердің болмауынан туындайды
6	Директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Тәрбие жұмысы, білім алушылар арасындағы құқық бұзушылықтар мен қылмыстың алдын алу, тәрбиелік іс-шараларды ұйымдастыру, білім алушылармен және ата-аналармен жұмыс	Білім алушылардың тәртіптік жауапкершілігі мәселелерін қарау кезінде субъективті шешімдер қабылдау тәуекелі, жекелеген студенттерге негізсіз артықшылықтар беру, құқық бұзушылық фактілерін жасыру немесе білім алушыларға қатысты шешімдер қабылдау кезінде әртүрлі тәсіл қолдану тәуекелі
7	Директордың оқу-өндірістік жұмыс жөніндегі орынбасары	Әлеуметтік серіктестермен және жұмыс берушілермен жұмыс, колледж түлектерін жұмысқа орналастыру, студенттерді кәсіби тәжірибеден өту үшін бөлу	Студенттерді ақылы кәсіптік практикаға бөлу және кейіннен жұмысқа орналастыру кезінде кәсіптің ерекшелігін және студенттерді олардың қабілеттеріне сәйкес кәсіпорындар бойынша объективті бөлуді ескермей студенттер мен жұмыс берушілердің мүдделерін қолдау
8	Директордың әкімшілік-шаруашылық бөлімі жөніндегі орынбасары	Колледждің әкімшілік-шаруашылық бөлігін ұйымдастыру және бақылау, МТА-мен жұмыс	Колледждің материалдық-техникалық активтерін мақсатсыз пайдалану тәуекелі, мүлікті пайдалануға тиісті бақылаудың болмауы және әкімшілік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру кезінде мүдделер қақтығысының туындау тәуекелі.

Директор

Б.Бұғасов